

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссия туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 116 қаулысы . Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 17 наурызда N 2233 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 8 маусымдағы N 91 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2009.06.08 N 91 қаулысымен.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 540-бабына , "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 789 қаулысымен бекітілген Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережеге сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссиясы құрылсын (әрі қарай - Комиссия).

2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы Ереже бекітілсін.

3. Комиссияның дербес құрамы Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының кезекті сессиясында бекітуге енгізілсін.

4. "Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия құру туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2003 жылғы 25 тамыздағы N 168 және "Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия құру туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2003 жылғы 25 тамыздағы N 168 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2003 жылғы 31 қазандағы N 230 қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары А.В.Гречухинге жүктелсін.

Облыс әкімі

Шығыс	Қазақстан	облысы
әкімдігінің	2005	жылғы
10	наурыздағы	N 116
қаулысымен бекітілген		

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтары мен қадағалаусыз қалуының профилактикасы, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау проблемаларының кешенді шешілуін іске асыруға бірыңғай көзқарасты қалыптастыру мақсатында құрылған тұрақты қызмет ететін орган болып табылады.

2. Комиссия Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі жанынан құрылған. Комиссияның дербес құрамы облыстық мәслихат сессиясымен бекітіледі.

3. Комиссия құрамы төрағадан (әлеуметтік салаға жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарынан), төрағаның орынбасарынан (ішкі істер басқармасы бастығының орынбасарынан), комиссияның 6-12 мүшелерінен және облыстың білім департаментінің аппаратында штаттық лауазымды қызмет атқаратын комиссияның жауапты хатшысынан құрылады.

4. Комиссия кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтары мен қадағалаусыз қалуының профилактикасына, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға мүдделі ішкі істер органдарының, білім, мәдениет, денсаулық сақтау және өзге де ведомстволар өкілдерін біріктіреді.

5. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы ереже мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырады.

6. Комиссия өз қызметінде жергілікті атқарушы орган алдында жауапты.

7. Комиссия қызметі:

1) заңдылық;

2) кәмелетке толмағандармен адамгершілік қарым-қатынас;

3) кәмелетке толмағандарға, ата-анасына немесе оның заңды өкілдеріне сыйласымды қарым-қатынас;

4) кәмелетке толмағандар, ата-анасы немесе оның заңды өкілдері туралы ақпараттың жариялауға жатпайтындығы;

5) кәмелетке толмағанның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша оның ата-анасымен немесе заңды өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау;

6) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар мен азаматтардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

8. Облыстық комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтары мен қадағалаусыз қалуының алдын алу, оларды тудыратын себептерді жою, балалар мен жасөспірімдерді орналастыру және олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;

2) кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтары мен қадағалаусыз қалуының профилактикасы мәселелерін шешуде балаларды тәрбиелеумен және оқытумен айналысатын органдар мен ұйымдар жұмысының оң тәжірибелерін қорыту және тарату, оларға ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету ;

3) әділет органдары мен өзге де ұйымдарда белгіленген тәртіппен тіркелген қоғамдық бірлестіктермен, діни ұйымдармен, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз қалуының және өзге де қоғамға қарсы іс-қимылдарының профилактикасы, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері жөніндегі азаматтармен өзара іс-қимыл жасау;

4) аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) комиссиялардың қызметіне бағыт беру, оларға әдістемелік көмек көрсету;

5) кәмелетке толмағандарды дене және психикалық күш көрсетуден, кемсітудің барлық нысандарынан, жыныстық және өзге де пайдаланудан, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды қоғамға қарсы әрекет жасауға тартудан қорғауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау.

9. Комиссияның негізгі функциялары мыналар болып табылады:

1) кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз қалуының және қоғамға қарсы әрекеттерінің профилактикасы жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы анықталған фактілері туралы мүдделі ведомстволарға жүйелі хабарлап отыру;

2) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, кәмелетке толмағандардың денсаулығын сақтау, олардың өмір сүру, тәрбие, білім беру, еңбек пен демалыс жағдайларын жақсарту жөніндегі облыстық бағдарламаларды әзірлеу, сондай-ақ өз құзыреті шегінде олардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру;

3) кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз қалуының және қоғамға қарсы әрекеттерінің профилактикасы жөніндегі облыстық бағдарламаларды әзірлеуге қатысу;

4) есеп беретін комиссиялардың қабылдаған шешімдері мен қаулыларының негізділігін тексеру. қабылданған шешімдерді негізсіз деп таныған жағдайда

тиісті жергілікті атқарушы органдарға оларды жою туралы ұсыныстармен
ш ы ғ а д ы ;

5) комиссия қаулыларында және ұсынымдарында көрсетілген кемшіліктер мен бұрмалаушылықтарды жою жөніндегі шараларды орындамаған немесе қабылдамаған жағдайларда лауазымды тұлғаларды белгіленген тәртіппен жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізу;

6) кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз қалуының және қоғамға қарсы әрекеттерінің профилактикасы жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзудың анықталған фактілері туралы мүдделі органдарды х а б а р д а р е т у ;

7) кәмелетке толмағандардың қылмыстар, құқық бұзушылықтар және қоғамға қарсы әрекеттерді жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды анықтау, талдау және оларды жою жөніндегі шараларды белгілеу;

8) білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, орналасу саласындағы заңдылықтардың бұзылуын жою жөніндегі ұсынымдарды енгізу туралы ұсыныстарды құзыретті органдарға жіберу, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау;

9) білім беру ұйымдарында олардың меншік түріне қарамастан кәмелетке толмағандармен тәрбие, құқық, білім беру және сауықтыру жұмыстарының жай-күйін зерттеу.

3. Комиссия өкілеттілігі

10. Комиссия мақсаттар мен міндеттерді іске асыру барысында мыналарға қ ұ қ ы л ы :

1) Комиссияның жұмысына қажетті құжаттар мен материалдарды атқарушы және құқық қорғау органдарынан сұрау және алу;

2) мемлекеттік атқарушы және құқық қорғау органдары қызметкерлерін Комиссияның жұмысына тарту;

3) кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтары мен қадағалаусыз қалуының алдын алу, оларды тудыратын себептерді жою, балалар мен жасөспірімдерді орналастыру және олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері жөніндегі жағдайды Комиссия отырыстарында қ а р а у ;

4) Комиссия қызметіне қатысты мәселелер бойынша атқарушы және құқық қорғау органдарының есептерін тыңдау;

5) кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтары мен қадағалаусыз қалуының алдын алу, оларды тудыратын себептерді жою,

балалар мен жасөспірімдерді орналастыру және олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері жөніндегі жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу және енгізу.

4. Комиссия жұмысын ұйымдастыру

11. Комиссия отырысы қажетіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір реттен кем емес өткізіледі.

12. Комиссия отырыстарында қаралатын материалдарды әзірлеуді комиссияның жауапты хатшысы жүзеге асырады. Комиссия қажет болса істері қаралатын тұлғалардың оқу, жұмыс орны немесе тұрғылықты жері бойынша көшпелі отырыс өткізе алады.

13. Комиссия отырысы егер оған, комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем емесі қатысса заңды болып табылады. Комиссия отырысына оның төрағасы не оның тапсырмасы бойынша комиссия төрағасының орынбасары төрағалық жасайды.

14. Комиссия отырысында Комиссияның жауапты хатшысы хаттама жүргізеді.

15. Комиссия отырысының хаттамасына төрағалық етуші және оның жауапты хатшысы қол қояды.

16. Комиссия шешімі отырысқа қатысушы комиссия мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Егер дауыстар тең бөлінген жағдайда комиссия отырысына төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

17. Комиссия шешіміне төрағалық етуші және оның жауапты хатшысы қол қояды, комиссия отырысында жарияланады және шағымдануға белгіленген мерзім өткеннен кейін, заңды күшіне енеді.

18. Комиссия шешімі тиісті мемлекеттік органдарға және ұйымдарға жіберіледі.

Облыстың білім департаментінің директоры